УДК: 371

Р.Р. Турумбаева, М. А. Шаихова, А.А. Омарова
С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті
«Шет тілі және кәсіби шет тілі» кафедрасы

ҚАЗҰМУ-ДА ҮШ ТІЛДЕ БІЛІМ БЕРУДІ ІСКЕ АСЫРУ

Мақалада үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасының іс- шараларын іске асыру мақсатында университетімізді бітіргенде түлектеріміздің осы дағдыларды қолдану және кем дегенде үш тілді еркін меңгертуге қабілеттілігі жайында айтылады. Мақаланың мақсаты– үш тілді: қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген қабілетті жастарды анықтау және қолдау, тілдік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырып, көп тілді меңгерген тұлғаны тәрбиелеу, университетті бітіруші болашақ дәрігерлер үш тілдік тосқауыл, тілмашқа мұқтаждық болмауын, қазақстандық патриотизмді нығайту, өзге халықтардың мәдениеті мен тілін құрметтеу болып табылады.
Түйінді сөздер:*тілдің мәртебесі, бәсекелестік,тілдердің үш тұғырлылығы, кәсіби тақырып,академиялық ұтқырлық, тілмаш*

Кіріспе. Елімізде тіл саясаты Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың тікелей басшылығымен салиқалы да, сындарлы түрде жүзеге асырылуда.Елбасы жыл сайынғы Қазақстан халқына арнайтын дәстүрлі жолдауларында да тіл саясатына, оның ішінде қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесіне көңіл бөлген болатын.Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойып отыр. Әсіресе, өскелең ұрпақ пен жастар алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр.Мемлекет басшысы "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты Қазақстан халқына Жолдауында: "Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі — жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі", — деген болатын.Бұл дегеніміз оқу орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді. Негізгі мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым – қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев биылғы халыққа арнаған "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" атты Жолдауында Үкіметтің алдына "Тілдердің үш тұғырлылығы" мәдени жобасын іске асыруды жеделдету міндетін қойып отыр.Еліміздің дамыған 30 елдің қатарына кіруге және Болон бастамасының мүмкіндігін жоғарылату, академиялық ұтқырлық пен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін ЖОО-да көптілді білім беру жүйесін құру білім беру саласының бәсекеге қабілетті факторларының бірі болып табылады.(2)

Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасының іс шараларын іске асыру мақсатында университетімізді бітіргенде түлектеріміздің осы дағдыларды қолдану және кем дегенде үш тілді еркін меңгертуге қабілетті болып табылады:

— науқастың тілінде науқаспен сауатты сөйлесу;
— ағылшын тілінде әңгімелесе алу, оның ішінде кәсіби тақырыпта.
— шет тілінде (ағылшын тілінде) мамандықтарының профилі бойынша шетел әдебиеттерін өзбетінше талдау, оқи алу;
— баяндамалар, рефераттар, тезистер және т.б. құрастыру;
— өз университетімізде және басқа да жоғары оқу орындарында көп тілді студенттік конференцияларға қатысу; (3)

Біздің тәжірибемізде-тәжірибе сабақтарын, ОСӨЖ, СӨЖ - ді оқытуда, түрлі әдіс-тәсілдерді қолданамыз. Ұрпаққа білім берудің әр түрлі нұсқаудағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеалар, инновациалық технологиялардың бірі: «lesson study» (сабақты зерттеу) тәсілі, орта білім жүйесінде әлемдік жоғары деңгейде қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы оқыту теориясына негізделген тәсіл кең тараған. Lesson Study-оқу сапасын арттыруды көздеген тәжірибені жақсарту үшін демократиялық тәсіл. Әдіс-тәсілдер, технологиялар өте көп, оларды қолдануда, қалай қолдану керектігі туралы білуіміз керек. Сондай-ақ сабақты қызықты, тартымды, студент өз ойын еркін, сонымен қатар өзіндік сыни пікір көзқарасын жеткізе білетіндей, әрбір студенттің қажеттігін түсінуде, сабақ барысында ешбір тіл үйренуші тыс қалмайтындай өткізуде жаңа инновациялық технологиясыз елестету мүмкін емес.(4)

Материалдар мен тәсілдері. Тәжірибелік сабақтарда вербальді-графикалық әдісін, TBL әдісін, коммуникативті оқыту әдісін, ассоциаграмма, «brainstorm» (Миға шабуыл)әдісін, рөльдік ойындар, сөзжұмбақтар, пазлдар және т.б. өткіземіз.Миға шабуыл әдісін 1941 жылы А.Ф.Осборн ұсынған болатын. Әуел баста жарнамалық бизнесте қолданылған бұл әдіс адамның шығармашылық ойлауына қозғау салу мақсатын көздеген еді.

Бұләдістіңнегізгіміндеттері:

— Мүмкіндігіншекөпидеялардыжинақтау;
— Ғылыми немесе оқуға қатысты мәселелерді шешу;
— Студенттердің шығармашылықойлауын дамыту;
— ынтымақтастықтыдамыту.

Миға шабуыл – топ мүшелерінің белгілі бір тақырып бойынша белсенді жұмыс істей отырып, соған қатысты айтылған идеяларын өз ішінде талқылап, ортақ келісімге келгендерін негіздеп жазып ұсыну әрекеті. Бұл әрекет жүргізуші тарапынан нақты белгіленген уақыт көлемінде орындалуы шарт.

Ауызша және жазбаша сұрау, лексика – грамматикалық тапсырмаларды орындау, тақырыптың мазмұнын айту, терминалогиялық сөздікпен жұмыс, көрнекіліктер мен жағдаяттық тапсырмаларды, аралық бақылаудың тестік тапсырмаларын орындаймыз. ОСӨЖ-ді ұйымдастыруда тақырып бойынша кеңес, ауызша және жазбаша тапсырмаларды өздігінен орындау, шағын топтармен жұмыс, пікірталас, диалогтар, рөлдік ойындар жүргіземіз.СӨЖ-ді ұйымдастыруда студенттер СӨЖ тақырыбы бойынша әдебиетпен жұмыс, рефераттау және аннотациялау тәсілдерін қолдана отырып, баяндамалар, рефераттар, эссе дайындайды (слайд шоу). СӨЖ тақырыбы бойынша дайындалған әрбір жұмыс студенттердің қалауы бойынша үш тілде қорғалады. Лексикалық материалды бекітуде Глоссарий тәсілін қолданамыз. Глосарий — белгілі бір шығармада кездесетін, сирек қолданылатын сөздердің түсіндірме сөздігі. Глосарий де қазіргі кезде түсініксіз көне сөздер (архаизмдер, диалектизмдер, поэтикалық ескі формалардың үлгілері) мен сөз тіркестеріне, көне жазу ескерткіштерінің тіліне т.б. түсінік беріледі.Сирек кездесетін кейбір аударма сөздіктер де Глосарийге жатады. Жеке тілдердің тарихын зерттеуде Глосарий-дің мәні зор. (3)

«Тілдің үштұғырлылығы» мәдени жобасын және ҚазҰМУ-да құрастырылған үш тілде оқыту концепциясын іске асыру мақсатында шет тілдер кафедрасы және мемлекеттік тілді дамыту бөлімімен бірлесе отырып, «Жалпы медицина», «Стоматология», «Фармация», «Фармация өнімдерінің технологиясы» факультеттерінің 1, 2 курс студенттері арасында жыл сайын «Тілдарын » олимпиадасынөткізеді. Олимпиаданың өткізілу мақсаты– үш тілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген қабілетті жастарды анықтау және қолдау, тілдік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырып, көп тілді меңгерген тұлғаны тәрбиелеу, университетті бітіруші болашақ дәрігерлер үш тілдік

тосқауыл, тілмашқа мұқтаждық болмауын, қазақстандық патриотизмді нығайту, өзге халықтардың мәдениеті мен тілін құрметтеу болып табылады. Бұл өз кезегінде дәрігерге деген сұранысты арттырады, олардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады. (5)

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақ телевизиясы. Энциклопедия. — Алматы: ҚазАқпарат, 2009. - № 1. – 57 с.
2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан / http://www.akorda.kz
3 Словарь социолингвистических терминов. - Алматы: Қазақ Университеті, 2002. - 109 с.
4 Рысбаева Г. Ағылшын тілінің мәртебесі //https://45minutkz.wordpress.com/2014/03/08
5 Тілдердің үштұғырлылығы // http://strategy205
6 Үштілділік – игілікті құбылыс // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. - 2014. - № 4. – С. 48.

Р.Р. Турумбаева, М. А. Шаихова, А.А. Омарова

ТРЕХЪЯЗЫЧНОЕ ОБУЧЕНИЕ В КАЗНМУ

Резюме: в данной статье говорится о необходимости владения тремя языками выпускниками КазНМУ согласно дорожной карте развития на период 2015-2020г. Цель статьи – поддержка трехъязычия, развитие языковой культуры, воспитание полиязычного специалиста, чувства патриотизма, уважение к иноязычной культуре. Новая концептуальная программа трехъязычного обучения направлена на формирование языковой среды, позволяющей студентам свободно общаться на государственном, русском и иностранном (английском) языке.
Ключевые слова: трехязычное обучения, владение тремя языками, воспитание полиязычного специалиста

R.R. Turumbaeva, M.A. Shaikhov, A.A. Omarov

TRILINGUAL TEACHING AT THE KAZNMU

Resume: This article is about necessity of graduaters of KazNMU maintain of three languages according to the development in the period of 2015-2020 y. New conceptual trilingual training program is directed in forming of languages sphere that enables students fluently communicate in the state, Russian and foreign (English) languages.
Keywords: trilingual teaching, polylingual specialist, lesson study, brainstorm, academic mobility, competition.